



WorldSkills Kazakhstan- 2024 Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында Zhansugurov College- нің студенті Қабланбек Меруерт “Кіші сыныптарда оқыту” құзыреттілігі бойынша жүлделі 2 орынды иеленді!



«Bilim-orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен Үздік студенттер академиясының ұйымдастыруымен Тәуелсіз мемлекеттер достастығының студенттері арасында өткізілген «ТМД-НЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» атты халықаралық байқауына «Zhansugurov college»-нің 405Бқ топ студенті Қасымбек Арайлым Сабитқызы қатысып І дәрежелі диплом және төсбелгі,статуэткасымен марапатталды.Сонымен қатар,жетекшісі Сәкенова Ақмарал Қайратқызына да Алғыс хат табысталды.



Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясындағы облыстық байқауында «Zhansugurov College»-нің 104 ШБқ топ студенттері Аркинова Дильназ «Өнер алды – қызыл тіл» мектебі номинациясы бойынша БАС ЖҮЛДЕ иегері атанса, Калуч Иетер «Жарқыра, жас дарын!» байқауында I орын алып, арнайы дипломдармен марапатталып, қаржылай 100 000 – 80 000 теңге сыйақы табысталды.

Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Найманбаева Гульден Болатовна алғыс хатпен марапатталды.



Ағымдағы жылдың 21 қараша күні колледж студенттері арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен облыстық Қ. Бітібаева атындағы олимпиадасында 104 ШБҚ тобының студенті Аркинова Дильназ жүлделі 1-орынды иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.
Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Макеева Камшат Маулетовна.



«Zhansugurov college» 405 “Бастауыш білім беру” мамандығының білімгері Подгорнова Екатерина Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен Республика күні қарсаңында ұйымдастырылған «Елім дегендер» атты өзге этнос өкілдері арасындағы Республикалық шығармашылық байқауына белсене ат салысып, “Көркем сөз” номинациясында ІІІ орынға және 100 000 тг сертификатқа ие болды!



2024 жылдың 25-26 сәуірінде Астанада «ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO- 2024» Ұлттық кубок чемпионат лигасы өтті. Оған Қазақстанның барлық өңірлерінен колледждер мен ЖОО студенттері, сондай-ақ бизнес және білім беру саласындағы көшбасшылар жиналды. Әлем бойынша БҰҰ-ның 17 Тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге бағытталған әлеуметтік-кәсіпкерлік, экологиялық және инновациялық бизнес жобаларын ұсынатын айтулы оқиға. Аталған чемпионатта «Enactus - Zhansugurov Gollege» командасы еліміздегі жоғары оқу орындары мен колледждерінен келген 202 тәжірибелі командалардың арасынан жартылай финалға өтіп, жетекші 16 команда ішінен «World Cup» Ұлттық кубок чемпионат лигасында «Silkroad» жобасымен 2 орынды жеңіп алды.

Жоғары оқу орындары арасынан үздік деп танылған «Enactus - Zhansugurov Gollege» командамызды мақтан тұтып, құттықтау мақсатында «Zhansugurov Gollege» ұжымы мен студенттері Жеңімпаздарды салтанатты түрде қарсы алды.

Озық идеялар жаңа жетістіктерге жетелейді, ал сәтті жобалар бұдан да жарқын істерге ынталандыру болып табылады.